



010022, Ақмола облысы,
Қосшы қаласы, Республика көшесі, 16
тел. 8(7161) 16-81-70, 16-80-02, 16-81-70
www.academy-gp.kz

010022, Ақмолинская область,
Город Косшы, улица Республики, дом 16,
тел. 8(7161) 16-81-70, 16-80-02, 16-81-70
www.academy-gp.kz

07.04.2022 № 2-31-22-00782

Ақмола облысының әкімдігі

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

Ағымдағы жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисімен және Winrock International бірлесіп Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің жанында жұмыс істейтін адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия мүшелері үшін дөңгелек үстелдер өткізді.

Бірлескен іс-шараларда адам саудасына қарсы күрестің қазіргі жай-күйі, траффикке қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік шаралар қабылдау мәселелері талқыланды, мемлекеттік органдар мен азаматтық сектор коллаборацияларының үздік тәжірибелері мысалында адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялардың қызметін жетілдіру жөнінде нақты идеялар ұсынылды.

Адам саудасына қарсы күрес жөніндегі жаһандық қозғалыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын мемлекеттік органдардың алдын алу күш-жігеріне ерекше назар аударылды.

Өткізілген кездесулер мен қол жеткізілген уағдаластықтарды жалғастыра отырып, азаматтар, көшіп-қонушылар, жастар, жұртшылық үшін алдын алу сипатындағы үлестірме материалдарды, сондай-ақ әкімдіктердің сайттарында, қолжетімді қоғамдық орындарда орналастыру үшін бейнероликтерді жолдаймыз (бейнелерді жүктеу сілтемесі - <https://cloud.mail.ru/stock/jsVyDied5nzWLRU2GK9poeFg>).

Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия мүшелерінің назарын адам саудасы фактілерінің алдын алу бойынша тұрақты және жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігіне аударамыз.

Қосымша: __ 8 __ п.

Бірінші проректор

Қ. Сейтенов

орын.: Ж. Сейтаева
Тел.: +7 701 7950530;
7171341@prokuror.kz